

"Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің және әскери кәсіптің оң беделін нығайту жөніндегі 2001-2005 жылдарға арналған кешенді ақпараттық бағдарламасын бекіту туралы"

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 29 желтоқсан N 1766

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің және әскери кәсіптің оң беделін нығайту және одан әрі қалыптастыру, сондай-ақ "Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздігінің 1999-2005 жылдарға арналған стратегиясынан" және Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 10 ақпандағы N 334 Жарлығымен бекітілген "Қазақстан Республикасының әскери доктринасынан" туындайтын іс-шараларды жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің және әскери кәсіптің оң беделін нығайту жөніндегі 2001-2005 жылдарға арналған кешенді ақпараттық бағдарлама (бұдан әрі - Бағдарлама) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Республикалық ұланы (келісім бойынша) Бағдарламаны іске асыруға бағытталған іс-шаралар жоспарларының бір ай мерзімде әзірленуі мен қабылдануын қамтамасыз етсін.

3. Мемлекеттік органдардың басшылары Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігіне Бағдарламада белгіленген іс-шаралардың іске асырылуы туралы ақпараттың жыл сайын 30 желтоқсанға ұсынылуын қамтамасыз етсін

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.03.04. N 272 қаулысымен , 2005.01.28. N 73 қаулысымен .

4 . < * >

Ескерту. 4-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2005.01.28. N 73 қаулысымен .

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2001 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1766 қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің және әскери кәсіптің оң беделін нығайту жөніндегі 2001-2005 жылдарға арналған кешенді ақпараттық бағдарлама

1. БАҒДАРЛАМАНЫҢ ПАСПОРТЫ

| | |
|--------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Бағдарламаның атауы: | Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері мен әскери кәсіптің оң беделін нығайту жөніндегі 2001-2005 жылдарға арналған кешенді ақпараттық бағдарлама |
| Әзірлеуге негіздеме: | Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 30 желтоқсандағы N 2028-124 қаулысы (2.1.1.8 т.) |
| Негізгі әзірлеуші: | Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі |
| Негізгі орындаушылар: | Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша), Республикалық ұлан (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі |
| Бағдарламаның мақсаты | Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің және әскери кәсіптің оң беделін қоғамдық санада нығайту |
| Бағдарламаның міндеттері | - Ақпараттық-насихаттық жұмысты нормативтік құқықтық қамтамасыз ету тетіктерін айқындау және әзірлеу; |

- Қарулы Күштер және құқық қорғау органдарында ақпараттық-насихаттық және тәрбие жұмысының тиімді жүйесін құру;
- ұйымдастырушылық және практикалық іс-шаралар кешенін жүзеге асыру Қарулы Күштердің, құқық қорғау органдарының бұқаралық ақпарат құралдарымен және нысаналы аудиториялармен өзара тиімді іс-қимылымен ынтымақтастығы тетіктерін әзірлеуі;
- ақпараттық-насихаттық жұмысты ұйымдастыру және жүргізу үшін қажет жағдайлар

жасау

Бағдарламаның негізгі

- нормативтік құқықтық қамтамасыз бағыттары ету;
- Бағдарламаның бедел жөніндегі бағыттары мен нысаналы аудиторияларын (топтарын) анықтау және олармен жұмыс істеу;
- ұйымдастырушылық, практикалық ақпараттық-насихаттық іс-шаралар кешенін жүзеге асыру;
- жеке құраммен жұмыс жөніндегі қызметтердің кадрлық және ғылыми-әдістемелік әлеуетін

нығайту

Бағдарламаны іске

асырудың тетігі

бірыңғай жүйесін құру

Ақпараттық-насихаттық және

тәрбиелік жұмыстардың

Бағдарламаны
қаржыландырудың көздері
Күтілетін нәтиже

Республикалық және жергілікті
бюджеттердің қаражаттары

Республиканың қоғамдық
санасында Қарулы Күштердің
және әскери кәсіптің

беделінің сапалы өсуі

Ескерту. 1-бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.01.28. N 73 қаулысымен .

2. КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің және әскери кәсіптің оң беделін нығайту жөніндегі 2001-2005 жылдарға арналған осы кешенді ақпараттық бағдарламаны (бұдан әрі - Бағдарлама) "Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздігінің 1999-2005 жылдарға арналған Стратегиясын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 30 желтоқсандағы N 2028-124 қаулысын (Жоспардың 2.1.1.8.т) іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі әзірледі.

Бағдарлама тиісті министрліктердің ұсыныстары негізінде Қазақстан Республикасы заңнамасының, Қазақстан Республикасының Әскери доктринасы және еліміздің Қарулы Күштерінің әрі тұтас әскери кәсіптің оң қызметін реттейтін өзге де нормативтік құқықтық құжаттар талаптары ескеріліп, әзірленді.

Осы Бағдарлама Қарулы Күштерде ақпараттық, ұйымдық-кадрлық және тәрбие жұмыстарын жүргізуге негізгі көзқарастарды, бұл жұмысты ұйымдастырудың негізгі бағыттарын, сондай-ақ әскери кәсіптің беделін нығайтуға бағытталған нақты практикалық іс-шараларды анықтайды.

3. ПРОБЛЕМАНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАЙ-КҮЙІН ТАЛДАУ

Қазақстан Республикасы өзінің мемлекеттік тәуелсіздігі мен егемендігінің он жылы ішінде өтпелі кезеңнің объективті қиындықтарын еңсеріп шықты әрі тұрақты өсуді, азаматтардың әл-ауқатының жақсаруын, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін қажет институттар мен тетіктерді қалыптастырды.

Елдегі экономикалық және саяси-қоғамдық тұрақтылық Қарулы Күштердің де жағдайына оң әсерін тигізді. Осы жылдар ішінде ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің және мемлекеттің ұлттық мүдделерін ішкі және сыртқы қатерлерден қорғаудың нақты жүйесі құрылды. Қазақстан Республикасының Әскери доктринасы қабылданды. Қарулы Күштерді одан әрі реформалау мен жаңалау, оның материалдық-техникалық базасын нығайту техникалық жетілдіру үшін жағдай жасалды.

Армияны қаржыландыру елеулі түрде өсті. Мемлекет басшысы өзінің Қазақстан

халқына "Еркін де еңселі әрі қауіпсіз қоғамға қадам басайық" Жолдауында ел Үкіметіне үш міндетті шешуді тапсырды. Олар:

- жыл сайын ішкі жалпы өнімнің кемінде 1 пайызын Қорғаныс министрлігінің м ұ қ т а ж д а р ы н а б ө л у ;

- қазіргі заманғы аумақтық қорғаныс жүйесін қалыптастыру;

- жұмылдыру даярлығының толыққанды жүйесін қалпына келтіру.

Бұл ұлттық қауіпсіздікті нығайту қажеттілігінен туындайтын мәселелер, керісінше болған жағдайда, Жолдауда айтылғанындай, "Егер біз, біздің ұрпақ, құқықтық негіздерінің бірі осындай күз күндерінің бірінде осыдан он жыл бұрын қабылданған Еліміздің мемлекеттік егемендігі туралы декларациясынан арна тартатын стратегиялық міндетті - азаматтардың, қоғамның және мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ете алмасақ, онда біздің экономикалық және саяси жоспарларымыздың бәрі де тарих үшін және біздің ұрпақтарымыз үшін су бетіндегі үйірілген майда толқындай ғана б о л ы п қ а л а б е р е д і " .

Қазақстан аумағында әскери округтер, бірінші кезекте Оңтүстік және Шығыс әскери округтерін қалыптастыру аяқталып келеді, Шымкент қаласында Ішкі істер министрлігінің ішкі әскерлерінің ерекше бригадасы жұмыс істеуде. Қазіргі кезде оқшау соғыс жүргізуге бейімделген жаңа арнаулы бөлімшелер даярлау жүргізілуде. Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын нығайту жөнінде елеулі шаралар қабылдануда. Өткен жыл ішінде ешқашан пәрменді шекаралық бақылауда болмаған бағыттарда жаңа шекара жасақтары құрылды. Осындай жұмыс кедендік желілерде де жүргізілді. Көші-қон бақылауын қатайту жөнінде шаралар қабылданды. Қазақстан аумағында экстремистік топтардың қызметінің алдын алу мен жолын кесу жөнінде і с - ш а р а л а р жү р г і з і л д і .

Өз Жолдауында Мемлекет басшысы - Қарулы Күштердің Жоғары Бас қолбасшы " Біз бұдан 10 жыл бұрын болған қауіпсіздік жүйесінің келмеске кеткенін айқын түсінуге тиіспіз. Өкініштісі сол, қауіпсіздік тұрғысынан алғанда аймақтағы жағдай осы он жылдың ішінде күрт нашарлап кетті. Біз жаңа қауіптің бетін қайтаратын ұлттық қауіпсіздіктің жаңа тетіктерінің жасалуы қажет екенін барынша пайымдауымыз қажет" д е п а т а п к ө р с е т т і .

Осындай жағдайда елдің басты міндеттерінің бірі оқиғалар барысына үлгеріп отыратын осы заманға сай әрі уақыт талаптарына жауап беруге қабілетті, күшті армия құру болып табылады. Жаңа армияның, Қарулы Күштердің негізі әскерилер, әскери к ә с і п а д а м д а р ы б о л у ы т и і с .

Соңғы уақытқа дейін Қарулы Күштердің беделі жағымсыз сипатта болып, әскери мамандық қоғамдық санада сұраныс таппағанын атап өткен жөн. Объективті себептерге байланысты әскери қызметтің беделі, оны қамту жағдайлары ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі әскери қызметшілердің орындайтын міндеттеріне сәйкес келмеді. Әскери қызметшілердің құқықтары мен

бостандықтарының шектелуі, ерекше міндеттері мен жауапкершіліктері қосымша жеңілдіктер және құқықтармен толық өтелмеді.

Әскери қызметшілердің, сондай-ақ әскери қызметтен босатылған тұлғалардың да әлеуметтік мәселелері, көптеген әскери қалашықтардың жайсыздығы, әскери қызметшілер отбасылары мүшелерінің жұмыстарына, оқуларына, медициналық және әлеуметтік қамтамасыз етілуіне тиісті жағдайлардың болмауы, сондай-ақ әскери қызметтен босатылған тұлғалар да, Қарулы Күштердің беделі мен абыройының өсуіне

ы қ п а л е т п е д і .

Қазақстан армиясы бұрынғы Кеңестік армияның материалдық қиындықтары мен проблемаларымен қатар мұрагерлікке Қарулы Күштерге және жалпы әскерилерге қатысты стереотиптер кешенін де алған.

Қоғамдық пікірде көптеген жағдайда ескірген, шындыққа сәйкес келмейтін пікірлер, армияның және құқық қорғау органдарының қоғамдық қатынастар жүйесіндегі рөлін жеткілікті түсінбеу қалыптасқан. Әскери кәсіп адамдарының қоғамдық санада, соның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында (бұдан әрі - БАҚ) қалыптастырып отырған бейнесі оң сипатта емес. Арақидік жекелеген әскери адамдардың қоғамға жат істері Қарулы Күштердің және құқық қорғау органдарының беделіне теріс әсерін тигізеді.

Бұл ретте, Қазақстан армиясындағы мен құқық қорғау органдарындағы оң нәтижелер жұртшылық назарына әрдайым іліне бермейді. Бұл бірқатар проблемаларға байланысты оның негізгілері: қаржыландырудың жеткіліксіздігі, Қарулы Күштер мен құқық қорғау органдары құрылымындағы жұртшылықпен байланыс жөніндегі қызметтердің кәсіби деңгейінің төмендігі, ақпараттық-насихаттық жұмыстардың маңыздылығын жете түсінбеушілік және тағы да басқалар.

Сонымен бірге, қазіргі уақытта қоғамдық санада армия мен Қарулы Күштердің беделін көтеруге бағытталған үрдістер байқалуда, бұған армия мен құқық қорғау органдарының ұлттық қауіпсіздікке төнген қатерлерді болдырмауға, қылмыстылық пен сыбайлас жемқорлықты ауыздықтауға бағытталған іс-әрекеттері ықпал етті.

БАҚ тарапынан да қызығушылық пен түсінушілік өсуде. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында әскери-патриоттық бағыттағы көптеген басылымдар бар, құқықтық басылымдардың таралымдары ұдайы өсе түсуде. Жастарға әскери-патриоттық тәрбие беру тақырыбы республикалық деңгейде мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізуге мемлекеттік тапсырысқа енгізілді.

Армия мен әскери кәсіп тақырыбын "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" республикалық газеттері, "Бағдар", "На страже", "Қалқан-Щит", "Казахстанская полиция", "Қылмыс пен жаза", "Заң газеті", "Юридическая газета", "Фемида", "Отан сақшысы" ведомстволық басылымдар тағы басқа мемлекеттік және тәуелсіз басылымдар белсенді жазып жүр.

Электронды бұқаралық ақпарат құралдары армия, құқық қорғау органдары, әскери кәсіп адамдарының проблемаларына баса назар аудара бастады. Әскери қызметшілер

мен көптеген көрермендер арасында "Қазақстан-1", "Хабар" және "Хабар-2" арналарындағы және Қазақ радиосындағы "Отандастар", "Рота, подъем", "Заң және заман", "Айбын", "Человек и закон", "Қазақстан-2030" бағдарламалары көпшілікке танымал бола бастады. Елдегі мемлекеттік емес телерадиокомпаниялардың да осы тақырыпқа барынша қызығушылық танытуы байқалуда.

Сонымен қатар, жүргізіліп жатқан жұмыстардың дәйекті әрі нәтижелілігін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің оң беделін нығайту жүйесінің тиімді қалыптасуына бағытталған арнайы бағдарламаны мемлекеттік деңгейде әзірлеу және қабылдау қажет.

Қарулы Күштердің және әскери кәсіптің оң беделін көтеру және нығайту жолдары:

- әскери реформаны белсенді ақпараттық-насихаттық қамтамасыз ету;
- тәрбие, әлеуметтік-құқықтық, жұртшылықпен байланыс жұмысы жөніндегі құрылымдардың кадрлық әлеуетін нығайту және дайындық деңгейін көтеру;
- мемлекеттік емес, оның ішінде ардагерлер ұйымдарымен өзара тиімді іс-қимыл ж а с а у б о л ы п т а б ы л а д ы .

Бағдарлама республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен іске асырылатын болады.

4. БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Бағдарламаның мақсаты:

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің және әскери кәсіптің қоғамдық санадағы оң беделін нығайту.

Бағдарламаның міндеттері:

Ақпараттық-насихаттық жұмысты нормативтік құқықтық қамтамасыз етудің тетіктерін айқындау мен әзірлеу және Қарулы Күштер мен әскери кәсіптің беделін нығайту;

Қарулы Күштерде және құқық қорғау органдарында ақпараттық-насихаттық және тәрбие жұмыстары жүйесін құру;

Қызметі Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің және әскери кәсіптің оң беделін нығайтуға бағытталған қажетті институттар, құрылымдар құру;

Қарулы Күштердің, құқық қорғау органдарының БАҚ-пен, нысаналы аудиториялармен (топтармен) өзара тиімді іс-қимыл және ынтымақтастық жасау шаралары мен тетіктерін әзірлеу;

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің және әскери кәсіптің оң беделін нығайтуға бағытталған негізгі беделдік бағыттарды айқындау.

5. БАҒДАРЛАМАНЫ ІСКЕ АСЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

5.1. Бағдарламаны нормативтік құқықтық қамтамасыз ету

Бағдарламаны практикалық іске асыру Қарулы Күштерде ақпараттық-насихаттық және тәрбие жұмыстары жүйесін құруға, әскери реформаны ақпараттық сүйемелдеуге бағытталған ведомстволық нормативтік құқықтық кесімдердің тұтас кешенін әзірлеу мен қабылдауды талап етеді.

Осы бағыттағы басты міндеттердің бірі-қоғамдық пікірді, соның ішінде әскери қызметшілер арасында, тұрақты зерттеу; Қарулы Күштерді реформалау барысын ғылыми пайымдау, жұмыс істеп жатқан ғылыми және оқу орындарын осы жұмысқа тарту. Мұның өзі олардың алдын алып, келеңсіз процестердің ықтималдығын төмендетуге, тұтас алғанда реформалау процесіне тиісті түзетулер енгізуге мүмкіндік береді. Осы жұмыста кеңінен зерттеу және шетелдегі оң тәжірибені қорыту бұл тәжірибені Қазақстан жағдайына бейімдеу мүмкіндігі қамтылуы тиіс.

Жұмыстың екінші бағыты - Қарулы Күштердегі ақпараттық-насихаттық және тәрбие жұмысының бірыңғай жүйесін құруға әскери реформаны ақпараттық сүйемелдеуге бағытталған нормативтік-құқықтық және ұйымдық-кадрлық алғышарттар қалыптастыру.

Бұл бағытта тәрбие жұмысының тармақталған жүйесін құруға арналған нормативтік құқықтық кесімдер кешенін әзірлеу әрі қабылдауды (әскери қызметшілермен жұмыс үшін жауаптылар, оқу орындарының жүйесі, осы жұмыстың ғылыми және әдістемелік негіздерін әзірлеу), жұртшылықпен байланыс жөніндегі қызметтерді құру және нығайту (баспасөз қызметтері, баспасөз хатшылары, БАҚ-пен жұмыс үшін жауаптылар және т.б.), өзіндік ақпараттық-насихаттық құрылымдарын құру (газеттер, журналдар, теле- және радиостудиялар, ақпараттық-насихаттық топтар), ведомстволық мемлекеттік тапсырысты қалыптастыру (ақпараттық жұмысты іске асыру үшін арнайы қаражат жоспарлау) және т.б. шараларды көздеу қажет.

Осы жұмысты практикалық іске асыру Қарулы Күштердің оң беделін одан әрі нығайтуға, қалыптастыруға бағытталған ақпараттық-насихаттық және тәрбие жұмысы міндеті болатын жұртшылықпен байланыс қызметтерін, әлеуметтік-психологиялық қызметтер құруды талап етеді.

5.2. Бағдарламаның бедел жөніндегі негізгі бағыттары мен нысаналы аудиториялары (топтары)

Ақпараттық-насихаттық жұмыстарды жүргізу негізгі беделдік бағыттар мен нысаналы аудиторияларды (топтарды) анықтауды көздейді. Ақпараттық-насихаттық жұмыстардың әсері бағытталуға тиіс айрықша белгілерімен бөлінген адамдар тобы (әлеуметтік-кәсіптік, демографиялық және өзге де) мақсатты аудиториялар болуы мүмкін.

Негізгі беделдік бағыттар - нысаналы топтарға жеткізілуі қажетті және оларды қоғамдық санада нығайтып, барынша қолдау көрсететін қысқа ақпараттық хабарлар. Негізгі беделдік бағыттар БАҚ-тармен жұмыс істеу және тікелей байланыс (пікір алысу, жұрт алдына шығып сөйлеу) кезінде пайдаланылады. Сонымен қатар, оларды

пайдалану оның әсері бағытталуға тиіс мақсатты аудиториялардың нақты айқындалуын көздейді.

Бағдарлама бойынша анықталған негізгі нысаналы аудиториялар (топтар):

елдің бүкіл халқы;
әскери қызметшілер;
әскери қызметшілердің отбасы мүшелері;
жастар және олардың әртүрлі топтары;
БАҚ;

ғылыми және шығармашылық жұртшылық өкілдері;

Қарулы Күштер ардагерлері;

қоғамдық ұйымдар және үкіметтік емес ұйымдар болып табылады.

Бұл ретте мынадай негізгі беделдік бағыттар баса көрсетіледі:

Бірінші. Қарулы Күштерде қызмет ету - еліміздің әрбір азаматының тек конституциялық борышы ғана емес, ол жоғары, жауапты әрі патриоттық парыз.

Қарулы Күштер - бұл мемлекет пен қоғамның маңызды институты.

Екінші. Қарулы Күштер - ұлттық қауіпсіздіктің тірегі. Армияда нағыз кәсіби мамандар қызмет етеді, олар қиындықтарға қарамастан, мұны өздерінің қасиетті борышы және міндеті санайды.

Үшінші. Қарулы Күштердегі қызметте нақты қауіп болса да, әскери адамдар өмірі мен денсаулығына қатер төнсе де, еліміз бен оның азаматтарының игілігі үшін қызмет етеді.

Төртінші. Қарулы Күштер батылдық пен батырлықтың, азаматтық пен ерліктің мектебі болған және солай бола береді.

Бесінші. Қарулы Күштердегі қызмет қосымша білім мен дағды алуға, қосымша кәсіпті игеруге мүмкіндік береді.

Алтыншы. Қарулы Күштер - жауынгерлік бауырластықты, достық пен төзімділікті сынау мектебі.

Жетінші. Қарулы Күштердегі қызмет - өте қадірлі іс, кәсіп, құрметті парыз.

Сегізінші. Әскери қызметшілер және Армия - бұл біздің қоғамның бір бөлігі, әкелеріміз, бауырларымыз, ұлдарымыз, барлық қазақстандықтар.

Тоғызыншы. Бүгінгі әскери қызметшілер - Қарулы Күштердің даңқты дәстүрлерін жалғастырушылар.

Ақпараттық-насихаттық және тәрбие жұмыстарында пайдалануға қажетті негізгі беделдік бағыттар осындай. Олар нақты мазмұнмен, оның ішінде тұлғалық нақты фактілермен және оқиғалармен толықтырылуы тиіс. Олар Қарулы Күштердің белгілі бір түрлеріне, аймақтарына бейімделуі мүмкін, ал нақты шаралар тиісті бөлімдерде сипатталатын болады.

5.3. Ұйымдастырушылық және практикалық іс-шаралар

Қарулы Күштердің оң беделін нығайтуға бағытталған іс-шаралар кешенін жүргізуді көздейтін ұйымдық және практикалық іс-шаралардың негізгілері мыналар.

Жұртшылықпен байланыс жөніндегі қызметтер құру және нығайту. Қазіргі уақытта, іс жүзінде әрбір министрлік пен ведомствода жұртшылықпен байланыс жөніндегі қызметтер (баспасөз қызметтері) жұмыс істейді. Осындай қызметтерді аймақтық және құрылымдық бөлімшелерде құрып, бұл жүйені тігінен дамыту қажет. Олардың міндеттері: ведомстволардың жұмыс жағдайы туралы БАҚ-ты хабардар ету, БАҚ-ғы жарияланымдарға тұрақты мониторинг жасау, баспасөз конференцияларын, басшылардың сөздерін әзірлеу, тұтастай ақпараттық жұмысты үйлестіру.

Ардагерлер ұйымдарымен және жекелеген ардагерлермен жұмыс. Қазіргі уақытта ардагерлер ұйымдары Қарулы Күштерде жүргізіліп жатқан ақпараттық-насихаттық және тәрбиелік жұмыстарға белсенді қатысуда. Осы жұмысты одан әрі жалғастырып және жандандырып, оның мынадай аспектілеріне назар аудару қажет:

- Әскери қызмет ардагерлерін қолдау, соның ішінде материалдық жағынан да. Осы шара ұрпақтар сабақтастығын көрсетеді, бұрынғы және қазіргі әскери қызметшілердің қоғамға қажеттілігіне сенімділігін ұялатуға мүмкіндік береді.

- Өткізілетін іс-шараларға шақыру. Осы шараның жас әскери қызметшілер үшін т ә р б и е л і к м а ң ы з ы з о р .

- Соғыс ардагерлерін қамқорлыққа алу. Осы жұмысқа ардагерлер туралы деректер банкі құруды, оның ішінде олармен хат алысуды қамтуы тиіс.

Кәсіпорындар мен мекемелерді қамқорлыққа алу.

Осындай іс-шаралар оң беделді қалыптастырып қана қоймай, БАҚ-ты тиісті ақпаратпен қамтамасыз етілген кезде оң көзбен қабылдаудың тұрақтылығын және ж а қ с ы а т а қ қ а л ы п т а с т ы р а д ы .

Бұл жұмыстың басқа түрлері болып алғашқы әскери немесе кәсіби дайындық сабақтары және басқа да нысандардағы өнегелі іс-шараларға шақыру түрінде болатын орта оқу орындары мен балалар үйлерін қамқорлыққа алу. Әскери қызметшілермен тікелей араласу олармен ынтымақтастық жастар арасындағы Қарулы Күштер туралы қалыптасқан келеңсіз көзқарастар стереотипінің жойылуына, әскери қызмет өткеруге қызығушылықтың өсуіне ықпал жасайтын болады.

Бөлімдер, ұйымдардың мұражайларын құру. Қарулы Күштердің беделін нығайту жөніндегі жұмыстың маңызды бағыты мемориалдық жұмыс болуға тиіс. Ол ұйымшылдық, сабақтастық рухын құруға ықпал етеді және тәрбиелік маңызы зор. Әскер түріндегі әрбір бөлімшеде, жергілікті ауқымда болса да, маңызды нәтижелерге қол жеткізген, өмірде мол табыстарға ие болған есімдері аңызға айналған адамдар бар. Сондықтан, мұражайлар, тарих және жауынгерлік даңқ бөлмелерін жасақтау мен жалпыға қол жетерлік Естелік кітаптарын, стендтер дайындау және басқа да осындай іс-шараларды жүргізуді жандандыру қажет.

Кәсіби мерекелерге байланысты салтанатты іс-шаралар өткізу. Іс жүзінде, әскердің

кез келген түрінде кәсіби мереке күндері бар, оларды ақпараттық-насихаттық жұмыста белсенді пайдалану қажет. Мұндай іс-шаралар ұйымшылдық, сабақтастық рухын нығайтуға, оң бедел қалыптастыруды, сондай-ақ, жергілікті халықпен, БАҚ-пен тығыз байланыстар орнатуға ықпал етеді. Бұл түрлі әскерлер күні, бөлімдер күні, ашық есіктер күні және т.б. шаралар болуы мүмкін. Әскери шерулер мен байқаулар да осы жұмыстың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Атрибутика. Тиісті атрибутика (бөлім туы, айырым белгілері және т.б.) әскери мамандықтың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Осыған орай ерекше белгілерді әзірлеу кезінде тарихи негіздер мен қазіргі заманның әрлендіру талаптарын және басқа факторларды ескеретін бірыңғай республикалық таңбатану қызметін құру қажет. Айырым белгілері, сонымен қатар әскери мамандықтың беделін, ұйымшылдығын нығайтуға, әскери қызмет мақтанышын нығайтуға ықпал етеді. Әрбір әскери бөлімде оған деген құрмет, мақтаныш болуы үшін осындай атрибутиканы жасауға барынша ықпал ету қажет.

Спорттық-бұқаралық іс-шаралар. Қарулы Күштердің қашанда мықты спорттық дәстүрлері болатын және оны жан-жақты қолдау әрі дамыту қажет. Көп адамдар, әсіресе жастар мен БАҚ өкілдері шақырылатын әртүрлі спорт жарыстарын өткізуге жәрдемдесу қажет. Спорт басқа іс-шараларға қарағанда кеңінен танылуға және оң бедел қалыптастыруға жақсы ықпал етеді.

Қоғамдық және мемлекеттік емес ұйымдармен жұмыс. Қазіргі демократияландыру жағдайында қызмет саласы Қарулы Күштердің мүдделерін қозғайтын көптеген қоғамдық ұйымдар жұмыс істейді. Кейбір жағдайларда олардың мүдделері сәйкес келмеуі, тіпті қайшы келуі мүмкін, мысалы экология және басқа салаларда. Әдетте, осындай тартыстарда өздерінің жабықтығы, қоғамдық пікірмен жұмыс істей алмауы себепті Қарулы Күштер ұтылып қалады. Мұндай жағдайларда осы ұйымдармен белсенді ынтымақтастық орнатып, оларды ашық ақпаратпен қамтамасыз етіп, өзара тұрақты пікір алмаса отырып жұмыс істеу керек.

Бұдан басқа, өзінің бағытына қарай Қарулы Күштермен белсенді жұмыс істеп отырған ұйымдар да бар. Олар барынша қолдау көрсетуді қажет ететін ардагерлер, спорттық, әскери-патриоттық және басқа да қоғамдық ұйымдар.

5.4. Ақпараттық-насихаттық іс-шаралар

Ақпараттық-насихаттық іс-шаралар кең аудиторияға және БАҚ-та жария етуге лайықталған, сондай-ақ ақпараттық кеңістікті құру жөніндегі шаралар кешенін қ а м т и д ы .

Өз БАҚ-ын құру және қолдау. Кәсіби бұқаралық ақпарат құралдары ұйымның маңызды нышаны ғана емес, сондай-ақ, оқырмандарды кеңінен ақпараттандыруға, ұйымшылдық рухын қалыптастыруға ықпал етеді.

Веб-сайттарды құру. Қазіргі жағдайда жұртшылықты ақпараттандырудың маңызды көзінің бірі-веб-сайттар құру болып табылады. Веб-сайттарда графикалық және

көрнекілік сапасы жоғары деңгейдегі күнделікті, талдау және ақпараттық, танымдық материалдарды (мысалы, әскер түрінің тарихы, таңбатану және т.б.) орналастыруға б о л а д ы .

БАҚ-пен жұмыс. Қазіргі уақытта Қазақстанда әскери қызмет тақырыптарымен белсенді жұмыс істейтін немесе оларға қызығушылық танытатын көптеген БАҚ-тар бар . Осыған орай баспасөз релиздерін, ақпараттық, талдау және басқа да материалдарды дайындау және оларды БАҚ-та тарату жөніндегі баспасөз қызметтерінің жұмысын ж а н д а н д ы р у т а л а п е т і л е д і .

Жұмыстың неғұрлым тиімді болуы үшін БАҚ-тарға берілетін материалдардың өзектілігі мен уақытпен үндесіп жатуын қамтамасыз ететін перспективалық күнтізбелік ж о с п а р л а р ә з і р л е у қ а ж е т .

Аккредитация, брифинг және баспасөз конференцияларын, өткізу баспасөз релиздерін, фото және бейне материалдар, жұмыс істеп жатқан бөлімдер мен бөлімшелерге барып баспасөз турларын өткізу сияқты ынтымақтастықтың дәстүрлі нысандары БАҚ-пен жұмыс істеудің маңызды түрлері болып табылады.

Әлеуметтік бейне- және аудио роликтер. Қарулы Күштердің оң беделін нығайтуға, қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға бағытталған әлеуметтік бейне- аудио роликтерді теледидар мен радио арқылы тарату ақпараттық-насихаттық жұмыстың маңызды б і р б ө л і г і болып табылады.

Көрнекі бұқаралық насихат. Ақпараттық насихаттық жұмыста плакаттар, күнтізбелер, билбордтар және тағы басқа осындай қазіргі заманғы және дәстүрлі көрнекі үгіт және насихат құралдарына баса назар аудару қажет.

Арнайы әдебиет шығару. Ақпараттық-насихаттық жұмыстың маңызды бөлігі - жаппай пайдаланушыларға лайықталған арнайы әдебиет шығару болуы тиіс. Бұл Қарулы Күштердің тарихы туралы, әскер түрлері, әйгілі тұлғалар, айырым белгілері және әскери таңбатану және тағы басқа көптеген әскери-патриоттық, ғылыми-көпшілік басылымдар болуы мүмкін.

5.5. Тәрбие, әлеуметтік-құқықтық жұмыс және жұртшылықпен байланыс құрылымдарының кадрлық және ғылыми-әдістемелік әлеуетін нығайту

Жеке құраммен және жұртшылықпен байланыс жөніндегі қызметтің кадрлық және ғылыми әдістемелік әлеуетін нығайту жөніндегі тұрақты жұмыс Бағдарламаны іске асырудың б а с ы м б а ғы т ы болып саналады.

Мамандарды тарту ғылыми және оқу орындарының әлеуеттерін пайдалану арқылы ақпараттық-насихаттық және тәрбие жұмыстарын жүргізудің ғылыми негізделген әдістемелерін жасау қажет. Жеке құраммен және жұртшылықпен байланыс жұмысы қызметтерін ұйымдастыру ақпараттық-насихаттық жұмысты жүргізу жөнінде әдістемелік басшылық және арнайы құралдар әзірлеу талап етіледі.

Тәрбиелік әрі әлеуметтік-құқықтық жұмыс және жұртшылықпен байланыс

құрылымдары қызметкерлері үшін ведомствоаралық семинарлар, кеңестер, біліктілікті арттыру курстарын тұрақты ұйымдастыру қажет. Әскери оқу орындарында және Қарулы Күштерде бөлімшелер командирлерінің тәрбие әрі әлеуметтік-құқықтық жұмыс, әлеуметтік-психологиялық қызметтер жөніндегі орынбасарларын даярлау жөніндегі факультеттер ашу қажет.

6. БАҒДАРЛАМАНЫ РЕСУРСТЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Бағдарлама республикалық және жергілікті бюджеттер қаражаттары есебінен іске асырылатын болады.

7. БАҒДАРЛАМАНЫ ІСКЕ АСЫРУ ТЕТІКТЕРІ

Бағдарлама Қазақстан Республикасы Қарулы Күштеріндегі ақпараттық-насихаттық және тәрбие жұмысының бірыңғай жүйесін құруға, әскери кәсіптің оң беделін нығайтуға бағытталған.

Бағдарламаның іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңесінің Үкіметтік ақпараттық бөліміне және Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігіне жүктеледі.

Бағдарламаны іске асыру үшін жұмыстың көзделген бағыттары бойынша іс-шаралардың нақты жоспарлары әзірленетін болады.

Мемлекеттік органдардың басшылары Бағдарламаны іске асыру жөніндегі жоспарлардың сапалы әрі уақытылы орындалуына жауап береді.

8. КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕ

Бағдарлама іске асырылған жағдайда: қоғамдық санада Қарулы Күштердің және әскери кәсіптің беделі жақсарады; Қарулы Күштер мен әскери кәсіптің беделін нығайтуға бағытталған ақпараттық-насихаттық жұмыстың тиімділігі артады;

Қарулы Күштер және құқық қорғау органдарында тиісті институттар құрумен бірге ақпараттық-насихаттық және тәрбие жұмыстарының жүйесі қалыптастырылады;

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің және әскери кәсіптің оң беделін нығайтуға бағытталған ұйымдастырушылық және практикалық іс-шаралардың кешені жүзеге асырылады;

Қарулы Күштердің, құқық қорғау органдарының бұқаралық ақпарат құралдарымен, нысаналы аудиториялармен (топтармен) өзара тиімді іс-қимылы мен ынтымақтастығы жөніндегі шаралар әзірленеді және іске асырылады;

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің және әскери кәсіптің оң беделін арттыру мен нығайтуға бағытталған жұмыстарды ұйымдастыру және жүргізу үшін қажетті жағдайлар жасалады.

9. БАҒДАРЛАМАНЫ ІСКЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ІС-ШАРАЛАРДЫҢ ЖОСПАРЫ

Ескерту. Жоспарға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.03.04. N 272 қаулысымен , 2005.01.28. N 73 қаулысымен .

| NN | Іс-шараның атауы | Іске асыру нысаны | Іске асыруға жауаптылар | Іске асыру мерзімі |
|------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------|--------------------------------------------------------|--------------------------------|
| Бағдарламаны іске асыру жөніндегі ұйымдастыру іс-шаралары | | | | |
| 1 | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі ведомстволық іс-шаралар жоспарын әзірлеу және бекіту | іс-шаралар жоспарлары бойынша) | ҚМ, ТЖМ, ИМ, РҰ (келісім бойынша), сайын | жылдың аяғына дейін |
| 2 | Жұртшылықпен байланыс жөніндегі қызметтер Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері әскери округтер, штаттық жұртшылықпен жөніндегі лауазымын енгізу | қоғамдық байланыс қызметтерін | ҚМ, ТЖА, ИМ, РҰ (келісім бойынша), жылдың аяғына дейін | 2002 жылдың І-тоқсаны бойынша) |
| 3 | Республикалық Ұлан, Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттік, Ішкі істер министрлігі, Қ а р у л ы к ы з м е т т е р қ ұ р у | тиісті қызметтерді құру | ҚМ, ТЖА, ИМ, РҰ (келісім бойынша), жылдың аяғына дейін | 2002 жылдың аяғына дейін |
| 4 | Қарулы Күштерде тәрбие және ақпараттық-насихат жұмыстары жүйесін жетілдіру жөнінде шаралар қабылдау | тиісті іс-шаралар кешені | ҚМ, ТЖА, ИМ, РҰ (келісім бойынша), жылдың аяғына дейін | 2002 жылдың І-тоқсаны бойынша) |

5 Қазақстан Республикасы ведомство. ҚМ, ТЖА, ИМ, РҰ 2002
жеке құрамы тіршілігінің лық (келісім бойынша), жылдың
барлық саласында әскери бұйрықтар ҰҚК (келісім 4-тоқсаны
қызметтің қауіпсіздігін бойынша)
қ а м т а м а с ы з е т у ж ү й е с і н

әзірлеу және енгізу

6 Конституциялық-кеңесші кеңестік- ҚМ, ТЖМ, ИМ, РҰ жыл
органдардың отырыстарында мәжілістік (келісім бойынша), сайын
(алқалар) ақпараттық- органдардың ҰҚК (келісім
насихат және тәрбие ұсынымдары бойынша)
жұмыстарының қорытындысын

шығару

7 БАҚ-та тиісті министрлік. мақалалар ҚМ, ТЖМ, ИМ, РҰ жарты
тер мен ведомство мен (келісім бойынша), жылда
басшылары сөйлейтін брифингтер ҰҚК (келісім бір рет
сөздерінің (брифингі. кестесі бойынша)
лерінің) кестесін әзірлеу

және бекіту

8 Қоғамдық және үкіметтік Үкіметке ҚМ, ТЖА, ИМ, РҰ 2002
емес ұйымдармен жұмысты ақпарат (келісім бойынша), жылдың
жетілдіру жөнінде шаралар беру ҰҚК (келісім I шілде
қабылдау бойынша)

9 Ардагерлер ұйымдарын іс-шаралар ҚМ, ТЖА, ИМ, РҰ тұрақты
тәрбие және ақпараттық- (келісім бойынша),
насихат жұмыстарына ҰҚК (келісім
белсенді тартуға бойынша)
бағытталған іс-шаралар
кешенін әзірлеу және іске

асыру

10 Қазақстан Республикасының Үкімет ҚМ 2002
Қарулы Күштері қатарынан қаулысы жыл
б о с а т ы л ғ а н ә с к е р и
қ ы з м е т ш і л е р д і жұмысқа
о р н а л а с т ы р у және қайта
д а я р л а у , ә л е у м е т т і к
б е й і м д е у ж ө н і н д е г і
м е м л е к е т т і к бағдарламаны

әзірлеу

- 11 Таңбатану жөнінде Укімет ҚМ, ТЖА, ИМ, РҰ 2002
ведомствоаралық комиссия қаулысы (келісім бойынша), жыл
құру туралы ұсыныс ҰҚК (келісім
енгізу. Қазақстан бойынша)
- Р е с п у б л и к а с ы Қ а р у л ы
К ү ш т е р і н і ң ә с к е р и даңқы
б е л г і л е р і т у р а л ы е р е ж е
- әзірлеу және бекіту
- 12 Облыстар мен аудандардың ведомство. ҚМ, ТЖМ, ИМ, тұрақты
мәдени мекемелері, лық облыс, Астана және
ұйымдары мен кәсіпорында. бұйрықтар Алматы қалалары
рын әскери бөлімдерді әкімдері
- қ а м қ о р л ы қ қ а а л у ы н
ұ й ы м д а с т ы р у ш а р а л а р ы н
- қабылдау
- 13 Қарулы Күштердің оң іс-шаралар, ҚМ, ТЖМ, ИМ, РҰ тұрақты
беделін нығайту мақсатында акциялар (келісім бойынша),
әртүрлі мерекелік ҰҚК (келісім
іс-шараларды пайдалануды бойынша), Астана
жандандыру. Қарулы және Алматы
Күштердің мекемелері мен қалалары әкімдері
- ә с к е р и б ө л і м д е р і н е к ұ р м е т т і
а т а у л а р б е р у ж ү й е с і н
- жетілдіру.
- 14 Қарулы Күштерде спорттық іс-шаралар, ҚМ, ТЖМ, ИМ, РҰ тұрақты
іс-шараларды тұрақты акциялар (келісім бойынша),
өткізуді практикаға енгізу ҰҚК (келісім
бойынша), МАСМ,
облыс, Астана
және Алматы қ.қ.
- әкімдері
- 15 Мәдениет мекемелерінде, мұражайлар. ҚМ, ТЖМ, ИМ, РҰ тұрақты
кітапханаларда әскери даңқ дың, (келісім бойынша),
залдарын, экспозициялар, залдардың, ҰҚК (келісім
көрмелер ашу. Астана экспозиция. бойынша), МАСМ,
қаласында Қазақстан лардың облыс, Астана 2002
Республикасы Қарулы жұмыс және Алматы жылдың
Күштерінің мұражайын құру істеуі қалалары 4 тоқсаны
әкімдері

Ақпараттық-насихаттық қамтамасыз ету

- | | | | |
|----|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------|
| 16 | Ақпараттық-насихат жұмыс жоспары жұмыстарының жоспарларын қалыптастыру | жұмыс жоспары | ҚМ, ТЖМ, ИМ, РҰ жыл (келісім бойынша), сайын ҰҚК (келісім бойынша) |
| 17 | Қарулы Күштердің және әскери кәсіптің оң беделін нығайту, әскери | Үкіметке ақпарат беру | МАСМ жыл сайын желтоқсан реформаларды жүргізу мәселелерін мемлекеттік тапсырыс шеңберінде |
| 18 | Республикалық және аймақтық бұқаралық құралдарында | Үкіметке ақпарат Қарулы Күштердің кәсіптің бағытталған айдарлар, | МАҚКМ 2002 ж. I маусым беру және әскери нығайтуға тұрақты телерадио |
| 19 | Министрліктер мен ведомстволардың қызметтері әскери қызметкерлердің ерліктері және жанқиярлық іс-әрекеттері туралы мәлімет беру | БАҚ-тардағы баспасөз материалдар | ҚМ, ТЖМ, ИМ, РҰ тұрақты (келісім бойынша), ҰҚК (келісім бойынша), МАСМ |
| 20 | Жұртшылықты және әскери қызметкерлердің гуманитарлық акцияларға қатысуы, халыққа көмек көрсетуі және басқа да акциялар | БАҚ-тарда сөйлеген сөздері мен басқа да акциялар | ҚМ, ТЖМ, ИМ, РҰ тұрақты (келісім бойынша), ҰҚК (келісім бойынша) жарияланым туралы жүйелі |
| 21 | Әскери қызметшілерді наградтау және көтермелеу | БАҚ-тарда сөйлеген | ҚМ, ТЖМ, ИМ, РҰ тұрақты (келісім бойынша), |

- | | | | |
|----|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| | барысында жариялылықты қамтамасыз ету жарияланым | сөздері мен | ҰҚК (келісім бойынша) |
| 22 | Қарулы Күштердің оң беделін нығайту үшін көрнекі үгіт және насихат мүмкіндіктерін кеңінен пайдалану | көрнекі насихат құралдары | ҚМ, ТЖМ, ИМ, РҰ тұрақты (келісім бойынша), ҰҚК (келісім бойынша), МАСМ, облыс, Астана және Алматы қалалары |
| | әкімдері | | |
| 23 | Дүниежүзілік Интернет желісінің қазақстандық сегментінде арнайы сайттар ашу мүмкіндігін қарастыру | веб-сайттар | ҚМ, ТЖМ, ИМ, РҰ тұрақты (келісім бойынша) ҰҚК (келісім бойынша) |
| 24 | Қарулы Күштердің оң беделін нығайтуға бағытталған арнайы әдебиетті шығаруды қамтамасыз ету | әдебиет шығару | ҚМ, ТЖМ, ИМ, РҰ тұрақты (келісім бойынша) ҰҚК (келісім бойынша), облыс, Астана және Алматы қалалары |
| | әкімдері | | |
| 25 | Жыл сайын журналистер, әдебиет және өнер, қайраткерлері | байқау | ҚМ, ИМ, өткізу 2003-2005 МАСМ |
| | арасында | Қазақстан | |
| | Республикасының | Қарулы | |
| | Күштері | туралы | үздік |
| | туындыларға | (жарияланым. | |
| | дарға, | теле және | |
| | көркем немесе | радиобағдарламаларға, | |
| | фильмдерге, | сурет және | |
| | т.б.) | байқау | өткізу |

Ғылыми және ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету

- | | | | |
|----|--------------------------------------------------------|--------------------------|----------------------------------------------|
| 26 | Қарулы Күштердегі тәрбие және ақпараттық-насихаттық | Жарияланым. дар, теле | ҚМ, ТЖМ, ИМ, РҰ тұрақты (келісім бойынша) |
|----|--------------------------------------------------------|--------------------------|----------------------------------------------|

- жұмыстарының оң және радио ҰҚК (келісім
тәжірибесін қорыту әрі бағдарлама. бойынша)
кеңінен жария ету лар,
семинарлар,
тәжірибе
алмасу
жөніндегі
- кеңестер
- 27 Жұртшылықпен байланыс семинарлар, ҚМ, ТЖМ, ИМ, РҰ жыл
жөніндегі қызмет курстар (келісім бойынша) сайын
қызметкерлерінің, ҰҚК (келісім
бөлім және бөлімше бойынша), МАСМ,
командирлерінің тәрбие МҚА, ҒБМ
және элеуметтік-құқықтық
жұмыстар бойынша
орынбасарларының кәсіби
біліктілігін көтеру
семинарларын,
курстарын өткізу
- 28 Әскери оқу орындарында Курстар, ҚМ, ИМ 2002
тәрбие және элеуметтік- факультет. жыл
құқықтық жұмыстар тер құру
бойынша әскери психолог,
социолог, саясаттанушы
мамандарын дайындайтын
факультеттер, арнайы
курстар ашу
- 29 Қарулы Күштерде оң ғылыми ҚМ, ИМ, ҰҚК 2003 жыл
моральдық психологиялық зерттеулер (келісім бойынша)
ахуалды қалыптастыру
жүйесі туралы қолданбалы
ғылыми зерттеулерді
ұйымдастыру және
үйлестіру
- 30 Ақпараттық-тәрбие және әдістемелік МАҚКМ 2002 жыл
элеуметтік-құқықтық құралдар
жұмыстарды жүргізу
жөніндегі арнайы
әдістемелік құралдар

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК